172. Ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың негізгі қағидаттары мен стандарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

## 3. Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері және оның қызметін ұйымдастыру

173. Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) консультативтік-кеңесші орган нысанында құрылады және ол туралы ереже негізінде әрекет етеді.

174. Кеңестің қызметін мемлекеттік органның бірінші басшысы болып табылатын Кеңестің төрағасы (бұдан әрі – төраға) басқарады.

175. Кеңестің құрамы мемлекеттік органның бірінші басшысының шешімімен бекітіледі.

Мемлекеттік органдар кеңесінің құрамына жауапты хатшы (аппарат басшысы ), құрылымдық бөлімшелердің басшылары (олар болған жағдайда) және ішкі аудит қызметінің басшысы кіреді.

176. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) ішкі мемлекеттік аудит мәселелері жөнінде туындаған келіспеушіліктерді ( уәкілетті орган жүргізген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерімен, сапа бақылауы және ішкі аудит қызметтерінің жұмыс тиімділігін бағалау нәтижелерімен келіспеу туралы мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтары) шешу;

2) құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, ішкі аудитті жоспарлау және жүргізу кезінде ресурстарды бөлу, ақпараттық жәрдем көрсету мәселелерін қарау;

3) мемлекеттік аудит және тәуекелдер бойынша ұсынымдарды, ішкі аудит қызметінің есептерін және осы ұсынымдарды іске асыру мониторингін қарау;

4) уәкілетті органға мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

5) мемлекеттік органның қызметін жетілдіруге бағытталған басқа да мәселелерді қарау болып табылады.

177. Кеңестің шешімі хаттама түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

178. Төраға Кеңестің кезекті және кезектен тыс отырыстарына шақырады, отырыс хаттамаларына қол қояды.

179. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру мәселелері мемлекеттік органның ішкі аудит қызметінің қызметкері болып табылатын Кеңестің хатшысына (бұдан әрі – хатшы) жүктеледі.

180. Кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай жүргізіледі. Өткізудің күнін, уақыты мен күн тәртібін Кеңес мүшелерінің пікірін ескере отырып, Төраға айқындайды.

181. Кеңес отырысының хаттамалары қағаз және электрондық жеткізгіште хатшыда сақталады.

182. Кеңес мүшесі:

1) Кеңестің материалдарына қолжетімділігі бар;

2) Кеңес отырысына енгізілетін материалдарды талқылауға қатысады;

3) Кеңес отырысында қарауды және талқылауды талап ететін мәселелерге бастамашылық жасайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 18 ақпандағы
№ 76 қаулысына
қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті деңгейлерде ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы № 235 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 13, 90-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы № 235 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 685 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 42, 371-құжат).

3. "Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті деңгейлерде ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы № 235 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 851 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 59, 812-құжат).

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

## Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері зерделейтін мәселелердің болжамды тізбесі*

| Мәселелер | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестік аудиті (жалпы мәселелер)** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар) |
| | Аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы мемлекеттік аудит (бақылау) нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының актілері мен мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша аудит объектісі қабылдаған шаралар |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Ішкі аудит қызметінің ережесі, тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат |

| | |
|---|---|
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті уақтылы және сапалы атқаруы | Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп (бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары) |
| Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілдері, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, нақтыланған мемлекеттік сатып алу жоспары (ақпараттық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базасы, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдары мен басқа да көздердің деректері |
| | Мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды адамдарының әрекетіне ( әрекетсіздігіне) қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері (шағымдары) ( болған кезде) |
| 2. Қаржылық есептілік аудиті | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Ішкі аудит нәтижесі бойынша қорытынды, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудит ( бақылау) нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының актілері мен мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша аудит объектісі қабылдаған шаралар |
| Бухгалтерлік есеп және бюджеттік | Қаржылық есептілік (бухгалтерлік теңгерім, активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер туралы есеп, қаржыландыру көздері бойынша шоттардағы ақша |

| | |
|---|---|
| бағдарламалардың атқарылуы жөніндегі есептер | қозғалысы туралы есеп; түсіндірме жазба, қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы есеп) және басқалары |
| Аудит объектісінің міндеттемелерді қабылдау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдер жүргізу, бюджет түсімдері мен шығыстарының орындалу болжамдарын жасау уақтылығы | Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына мониторинг нәтижелері туралы есептері |
| Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарларын орындау | Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| Есепті қаржы жылына арналған бюджетті бекіту, нақтылау, түзету | Бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджет, бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған, төленбеген міндеттемелер және (немесе) төленген міндеттемелер көрсетілген бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті және (немесе) жергілікті атқарушы органның тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептері, жүргізілген бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламаларды орындау бөлігінде жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы есеп; экономикалық жағдай мен тиісті кезеңде облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы әлеуметтік-экономикалық дамыту болжамында қабылданған негізгі бағыттардың іске асырылуы туралы талдамалы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі теңгерімдерінің есептік баптары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек | Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің, оның ішінде өткен жылдардың дебиторлық берешегі туралы есептер, мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегі туралы есеп (орталық және жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың ай сайынғы ақпараты) |

Ескертпе:

Бұл тізбе толық болып табылмайды. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу барысында қосымша құжаттар немесе ақпарат сұратылуы мүмкін.

**"Сәйкестік аудиті" түрі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және қосымша ішкі мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша осы мемлекеттік аудит түріне жататын мәселелер зерделенеді.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
2-қосымша

## Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында ішкі аудит қызметтері зерделейтін мәселелердің болжамды тізбесі *

| Мәселелер | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестік аудиті (жалпы мәселелер)** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар) |
| | Аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы мемлекеттік аудит (бақылау) нәтижелері | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының актілері мен мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша аудит объектісі қабылдаған шаралар |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті уақтылы және сапалы атқаруы | Бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері бойынша тиісті есеп жылына арналған мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп (бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары). |
| Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілдері, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы, бюджеттен бөлінген | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, нақтыланған мемлекеттік сатып алу жоспары (ақпараттық жүйелер) |

| | |
|---|---|
| қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базасы, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдары мен басқа да көздердің деректері |
| | Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік аудит объектілерінің лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты ( болған жағдайда) өтініштері (шағымдары) |
| 2. Тиімділік аудиті (жалпы мәселелер)*** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және аудит объектісінің қызметін реттейтін өзге де құжаттар) ( ақпараттық-құқықтық жүйе) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша бағалау мәніне байланысты мемлекеттік аудит алдындағы нәтижелер | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының актілері мен мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша аудит объектісі қабылдаған шаралар |
| Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нәтижелері мен проблемалары | Мемлекеттік аудит объектісі дайындаған ішкі есептілік, талдамалы жазбалар мен шолулар |
| | Ақпараттың ішкі көздері (ресми статистикалық деректер, бағдарлама нысанасына, бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты проблемалармен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарының материалдары). Мемлекеттік аудиттің тексерілетін объектісінің ақпараттық дерекқоры |
| Аумақтарды дамыту бағдарламаларын қаржылық қамтамасыз ету | Аумақты дамыту бағдарламасы |
| Негізгі іс-қимылдарды жүзеге асыру және бағдарламаны іске асыру шарттарын орындау/орындамау | Аумақты дамыту бағдарламасын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті жылдары іске асыруы туралы есеп |
| | Аумақты дамыту бағдарламаларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау туралы есеп |
| | Қаржыландыру жоспарын орындау туралы есеп және бағалау нысанасына сәйкес басқа да қаржы құжаттары |
| | |

| | |
|---|---|
| Бюджеттік инвестициялық жобалар | Есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламалар |
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы есеп |
| Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру | Мемлекеттік аудит объектісінің жылдық мемлекеттік сатып алу жоспары |
| Басым бюджеттік инвестициялар тізбесі | Жобаны іске асыру кезеңін, мердігер ұйымдарды, сметалық және шарттық құнын, құрылыс объектілерін енгізуді, ақпараттық жүйені тәжірибелі және өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді көрсете отырып, бюджеттік инвестициялар бойынша ақпарат |
| | Инвестициялық жобаларды қоса алғанда басым бюджеттік инвестициялар тізбесі |

Ескертпе:

*Бұл тізбе толық болып табылмайды. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу барысында қосымша құжаттар немесе ақпарат сұратылуы мүмкін.

**"Сәйкестік аудиті" түрі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және қосымша ішкі мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша осы мемлекеттік аудит түріне жататын мәселелер зерделенеді.

***"Тиімділік аудиті" түрі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және қосымша мемлекеттік аудиттің осы түріне жататын ішкі мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша мәселелер зерттеледі.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
3-қосымша

Бекітемін:
Ішкі мемлекеттік аудитті
жүргізуге жауапты адам
_________________________
(лауазымы,Т.А.Ә., қолы )
___ ____________ 20___ жыл

## Аудит жоспары

1. Аудиторлық (бірлескен, қатар, үстеме тексеру) іс-шараның негіздемесі: ___
_______________________________________________________________

2. Аудиторлық (бірлескен, қатар, үстеме тексеру) іс-шараның мақсаты: _____
_______________________________________________________________

3. Ішкі мемлекеттік аудит түрі: ________________________________________

4. Ішкі мемлекеттік аудит объектілері және жүру бағыты:

| Р/с № | Мемлекеттік аудит объектісінің атауы | Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала) | Жүру бағыты (соның ішінде іссапарға жіберілген жағдайда) | | Мемлекеттік аудит тобына қатысушылардың тегі, аты-жөні, лауазымы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Аудиторлық іс-шаралар мерзімі (бірлескен, қатар тексеру) | Бағыты | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |
| … | | | | | |

5. Аудиторлық іс-шаралармен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылатын қаражаттар және (немесе) активтердің көлемі:* __________________
_________________________________________________

6. Аудиторлық іс-шаралармен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылатын кезең:_____________________________________________________

7. Аудиторлық іс-шараларды (бірлескен, қатар, үстеме тексеруді) жүргізу мерзімі: ____________ бастап ___________ дейін

8. Қажетті ресурстар: _________________________________________________
__

Аудит тобының басшысы (мемлекеттік аудитор) ________________________
__

*(лауазымы, Т.А.Ә., қолы)*

Ескертпе: аудит жүргізу жоспарын құру (бұдан әрі – аудит жоспары).

1. Аудиторлық іс-шаралардың (тексерулердің) негіздемесі. (ішкі мемлекеттік аудит органының мемлекеттік аудит объектісінің тізбесі; Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы; депутаттық сауал; бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелері деректерін мониторингтеу нәтижелері; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері).

2. Аудиторлық іс-шаралардың (тексерулердің) мақсаты.

3. Мемлекеттік аудит түрі (қаржылық есептілік аудиті; тиімділік аудиті; сәйкестік аудиті).

4. Мемлекеттік аудит объектілері және жүру бағыттары.

Кесте толтырылады:

1-бағанда – рет саны;

2-бағанда – барлық мемлекеттік аудит объектілерінің толық атауы, оның ішінде өңірлердегі;

3-бағанда – ауданды, облыстық маңызы бар қаланы көрсете отырып, мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері;

4-бағанда – мемлекеттік аудит объектілері бөлінісіндегі тексерулер мерзімі;

5-бағанда – мемлекеттік аудит объектісі орналасқан елді мекеннің атауы;

6-бағанда – ішкі мемлекеттік аудит тобына қатысушылардың тегі, аты-жөні, лауазымы.

5. Аудиторлық іс-шаралармен (тексерумен)* қамтылатын қаражаттардың және (немесе) активтердің көлемі.

Жүргізілетін аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар тексеру) шеңберінде аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаттарының және (немесе) мемлекеттің және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың жалпы көлемі көрсетіледі.

*Қаржылық есептілік және тиімділік аудитін жүргізу кезінде бұл бөлім толтырылмауы мүмкін.

6. Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) (аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылатын мемлекеттік аудит объектілері қызметінің кезеңі (күні, айы, жылы).

7. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар, үстеме тексеруді) жүргізу мерзімі (аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізудің басталу және аяқталу күндері).

8. Қажетті ресурстар (аудиторлық іс-шараға (бірлескен, қатар, үстеме тексеруге) тартылған ішкі мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің саны көрсетіледі; мемлекеттік органдардың мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері және сарапшылар тартылған жағдайда, тартылған қызметкерлердің саны мен мемлекеттік органның, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі).

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
4-қосымша

Бекітемін:
Ішкі мемлекеттік аудитті
жүргізуге жауапты адам

___________________________
(лауазымы,Т.А.Ә., қолы )
___ ____________ 20___ жыл

## Аудит бағдарламасы

1. _____________________________________________________________________
__
*(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)*
2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, нысанасы: ___________________________
__
_____________________________________________________________________
__
3. Мемлекеттік аудит түрі: _______________________________________________
__
4. Тексеру түрі (бірлескен, қатар, үстеме тексеру) ________________________
_____________________________________________________________________
__
5. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаттарының және (немесе) мемлекеттің және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың көлемі*:

| Р/с № | Аудиторлық іс-шара ( бірлескен, қатар, үстеме тексеру) мәселесі | Аудиторлық іс-шарамен ( бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі және атауы) және (немесе) активтер | Қамтылатын кезең (жыл/ жарты жыл/ айлар) | Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаттарының және (немесе) активтерінің көлемі (мың теңге)** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| … | | | | |
| | Жиыны: | | | |

6. Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар, үстеме тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі мемлекеттік аудит органдарының өзге құжаттарының тізбесі: ________
___________________________________________________________

Мемлекеттік аудит тобының басшысы ___________________________________
(*лауазымы,Т.А.Ә., қолы* )

Ескертпе: аудитті жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – аудит бағдарламасы) құру.

* Бюджеттік бағдарламаларды қарау кезінде толтырылады.

** Бюджеттік қаражатты қамту кезінде толтырылады.

1. Аудиторлық іс-шара (тексеру) объектісінің атауы.
2. Аудиторлық іс-шараның (тексерулердің) мақсаты (нысанасы).
3. Мемлекеттік аудит түрі (қаржылық есептілік аудиті; тиімділік аудиті; сәйкестік аудиті).
4. Тексеру түрі (бірлескен, қатар).
5. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаттарының және (немесе) мемлекеттің және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың көлемі.*

Кесте бюджеттік бағдарламалар және активтер бөлінісінде толтырылады:

1-бағанда – рет саны;

2-бағанда – аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар, үстеме тексеру) мәселесі;

3-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шарамен ( тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарламаның, мемлекеттің және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың коды және атауы;

4-бағанда – ішкі мемлекеттік аудитпен (бірлескен, қатар тексерумен) қамту кезеңі: тиісті жылдар, жартыжылдық, айлар саны;

5-бағанда – аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаттарының және активтердің көлемі.

"Жиыны" деген жолда мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық

іс-шарамен (тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер қаражаты мен активтер көлемінің қорытынды сомасы көрсетіледі.

Бұл бөлім қаржылық есептілік және тиімділік аудитін жүргізу кезінде толтырылмауы мүмкін.

6. Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі мемлекеттік аудит органдарының өзге де құжаттарының тізбесі.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
5-қосымша

Аудит тобының басшысы
__________________________
(*лауазымы, Т.А.Ә., қолы*)
20__ жылғы __ ___________

## Аудиторлық тапсырма

Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) атауы: _____________________________
__________________________________

Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) жалпы мерзімі: _______ күнтізбелік күн

Іссапар бағыты және мерзімі (аудит жоспарынан)

| Р/с № | Мемлекеттік аудит объектісі (аудит бағдарламасынан) | Аудиторлық іс-шара (тексеру) мәселесі (аудит бағдарламасынан) | Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең (жыл, жартыжылдық, айлар) | Мемлекеттік аудитордың (тартылған маманның, мемлекеттік емес аудитордың, сарапшының) Т.А.Ә және лауазымы: | Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу м… кезеңдері) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аудит бағдарламасының мәселесін қарау басталған күн | аудит бағдарламасының мәселесін қарау аяқталатын күн | аудитор… есепке … үшін материа… ұсыну… мемлеке… аудит объектіс… ден … мемлеке… аудито… шыққа… жағдайд… |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | | | | 1) | | | |
| | | | | 2) | | | |

| ... | | | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |

Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы
(*лауазымы, Т.А.Ә., қолы*)
Мемлекеттік аудит тобының басшысы ___________________________
(*лауазымы, Т.А.Ә., қолы*)
Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері
(тартылған маман, сарапшы, мемлекеттік емес аудитор) ___________________ ________
(*лауазымы, Т.А.Ә., қолы*)

Ескертпе: аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу үшін аудиторлық тапсырманы жасау (одан әрі – аудиторлық тапсырма).

Аудиторлық тапсырманың жоғарғы бөлігінде "Аудиторлық іс-шараның ( тексерудің) атауы" деген жолда аудит жоспарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық іс-шараның (тексерудің) атауы көрсетіледі.

"Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) жалпы мерзімі" деген жолда барлық мемлекеттік аудит объектілерінде аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге қажетті күнтізбелік күндердің жалпы саны көрсетіледі.

"Іссапар бағыты және мерзімі (аудит жоспарынан)" деген жолда мемлекеттік аудит объектісінде болу үшін қажетті іссапар бағыты және күнтізбелік күндердің жалпы саны көрсетіледі.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
6-қосымша

## Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырма

## (Тексеруді тағайындау туралы акт)

20 __ жылғы "___" ________№ __

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _____ бабына сәйкес

____________________________________________________________________ __

*(аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу тапсырылған мемлекеттік аудит тобының басшысын көрсете отырып, ішкі мемлекеттік аудит органы (дары) қызметкері (лері) нің Т.А.Ә. және лауазымы)*

____________________________________________________________________ __

*(аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы, орналасқан жері,*

ЖСН, БСН, басшысының Т.А.Ә. көрсетіледі)

___________________________________________________________________________

_____________________________________ мәселелері бойынша аудиторлық іс-шара *(аудиторлық іс-шараның (тексерудің) нысанасы)* (тексеру) жүргізу тапсырылады.

Мемлекеттік аудиттің түрі ____________________________________________*

Тексеру түрі ___________________________________________________________

Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең _______________

Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу мерзімі: _____ бастап ____ қоса алғанда

Аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға:

___________________________________________________________________________

*(Т.А.Ә., атқаратын лауазымы)*

Ішкі мемлекеттік аудит бойынша уәкілетті органның басшысы/Орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі

_______________________________*

*(қолы, Т.А.Ә.)*

Аудиторлық іс-шара (тексеру) мерзімі: _______жылғы "____"_________ бастап жылғы "____"_________ қоса ұзартылды*.

*Үстеме тексеру жүргізу барысында көрсетілмейді.

Ескертпе: аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырма (бұдан әрі – тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді қамтиды:

1) нөмірі мен берілген күні;

2) аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізудің құқықтық негізі;

3) аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу тапсырылатын ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкері(лері)нің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы, аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тартылатын мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және (немесе) сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

4) мемлекеттік аудит объектісінің (оның филиалдарымен және өкілдіктерімен қоса) ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы, орналасқан жері, бизнес

сәйкестендіру нөмірі (БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), басшысының тегі , аты, әкесінің аты (бар болса);

5) аудиттің түрі және тексеру түрі (аудит бағдарламасына сәйкес келеді);

6) тексеру түрі (үстеме, бірлескен, қатар тексеру кезінде толтырылады);

7) мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізудің жоспарлы мерзімдері (аудит бағдарламасына сәйкес келеді);

8) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең (аудит бағдарламасына сәйкес келеді);

9) аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты лауазымды адамның тегі және аты-жөні;

10) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган басшысының/ орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының/облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің тегі мен аты-жөні не олардың міндетін атқаратын адамның деректері, сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудит органының мөрі;

11) аудиторлық іс-шараның (тексерудің) белгіленген мерзімі бастапқыда белгіленгеннен асып кеткен жағдайда күні көрсетіле отырып, аудиторлық іс-шара (тексеру) мерзімін ұзарту туралы мәлімет.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
7-қосымша

__________________
(күні, айы, жылы)
Мемлекеттік аудит
объектісінің басшысы

__________________
(тегі, аты-жөні)

## Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы бойынша талап

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 21-бабына сәйкес аудит объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін жұмыс орнымен қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін __ ____________ мерзімге дейін аудитті жүргізуге қажетті

*(күні көрсетілсін)*

барлық сұратылған ақпаратпен:

______________________________________________________
__
*(басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған қажетті құжаттар мен ақпарат* тізбесі көрсетілсін)

_____________ қамтамасыз етуге;

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің ақпараттық және есеп жүйесіне, оның ішінде ЭҚАБЖ-ға қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің іс-әрекетіне араласпауға және мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі жасамауға;

5) жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесімен танысуы үшін белгіленген тәртіппен ұсынылған күннен бастап үш күн мерзімде аудиторлық есепке қол қоюға (үстеме тексеру жүргізілген жағдайда бір күн мерзім көрсетіледі) міндетті. Нәтижемен келіспеген жағдайда аудиторлық есепке қарсылығы бар екенін ескертіп қол қояды. Қарсылықты аудиторлық есепке қоса береді немесе аудиторлық есепке қол қойылған соң күнтізбелік он күн ішінде ұсынады.

2. Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабы негізінде аудитті жүргізуге рұқсат бермеу, қызметі туралы қажетті құжаттар, материалдар, ақпараттар және басқа мәліметтер беруден бас тарту, жалған ақпарат беру, мемлекеттік аудитті жасауда басқа да кедергілер келтіру ретінде көрініс тапқан мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының лауазымды адамдарының өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына кедергі жасалса, Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБК ) 803-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, ӘҚБК 462-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері ________________________

*(лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы)*

Ескертпе: уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері талаптың бірінші данасын аудиторлық есеп бланкісіне ресімдейді.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
8-қосымша

## Аудиторлық есеп

________________ 20___жылғы ____ _______ №___

*(жасалған орны)*

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы: ____________________________
_

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі: ________________________________________
_
3. Тексеру түрі: _____________________________________________________
_
4. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге тапсырма: _________________________
_
5. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді: __________________________________
__
6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы: ________________________
_
7. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: ___________________________
__
8. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: __________бастап ________ дейін

9. Ішкі аудит объектісінің лауазымды адамдары: _________________________
_
10. Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер: _____
__
11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер: ___
_
12. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер: _____________________
__
13. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар: _____________
__
Қосымша: ______ парақта: (Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып тікелей ішкі мемлекеттік аудит объектісінде жинақталған және басқа да нақты көздерден алынған құжаттар көрсетілсін)

Ішкі мемлекеттік аудит бойынша уәкілетті органның қызметкері:

______________________ _______________________________

*(лауазымы) (қолы, Т.А.Ә.)*

Мемлекеттік органдардың мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері, сарапшылар *(тартылған жағдайда)* _______________ _______ _______________________________

*(лауазымы) (қолы, Т.А.Ә.)*

Таныстым

______________________________________ _______________________________

*(Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің басшысы) (қолы, Т.А.Ә. танысқан күні)*

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды *(қажеттісінің асты сызылсын).*

Ескертпе:

Аудиторлық есептің жоғары бөлігінде оның жасалған жері (қаланың, басқа елді мекеннің атауы (ауыл, кент және т.б.), аудиторлық есеп жасалған күн көрсетіледі.

Аудиторлық есепте мынадай деректер көрсетіледі:

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісі (ішкі мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер, банктік және салық деректемелері, БСН (ЖСН)) көрсетіледі.

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі (сәйкестік аудиті, тиімділік аудиті).

3. Тексеру түрі (үстеме, бірлескен, қатар).

4. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге арналған тапсырма (ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге арналған тапсырманың күні мен нөмірі, тегі, аты-жөні, тапсырмаға қол қойған адамның лауазымы).

5. Ішкі мемлекеттік аудитті (ішкі мемлекеттік аудитті жүргізген мемлекеттік аудит органы қызметкерінің (қызметкерлерінің), мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар маманының (мамандарының), мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлері мен сарапшылардың тегі, аты-жөні, лауазымы) жүргізді.

6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы (аудит жоспарына сәйкес келетін ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы).

7. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең (мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тексерілген кезеңі).

8. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі (осы мемлекеттік аудит объектісінде ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің басталған және аяқталған күні).

9. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары (ішкі мемлекеттік аудит оларға айтылып жүзеге асырылған мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының тегі, аты-жөні).

10. Бақылау және қадағалау органдарының алдыңғы мемлекеттік аудиті мен тексерулерінің нәтижелері туралы мәліметтер (тек ішкі мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нысанасымен сәйкес келетін бұрын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, құқық қорғау органдары және басқа бақылау және қадағалау органдары қамтыған мәселелер бойынша қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар).

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер.

Аудиторлық есептің осы бөлімінде мемлекеттік аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит

нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі. Аудит бағдарламасының әрбір сұрағына жауаптар тіркеледі, олар толық, нақты, объективті және ықшам жазылады.

Аудиторлық есепте тексерілетін мәселелер бойынша ішкі мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нәтижелері жалпылама түрде тіркеледі, аудиторлық есепке қосымшаларда егжей-тегжейлі ақпарат жазылады.

Аудиторлық есепте жүргізілген үстеме тексерудің, бақылау өлшемдерінің ( қарап тексерулердің) нәтижелері көрсетіледі, сондай-ақ бұзушылық фактілері, оның ішінде жүргізілген үстеме тексерулердің нәтижелері бойынша ішкі мемлекеттік аудит объектісі болып табылмайтын басқа ұйымдар бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатын пайдалануы кезінде жасалған бұзушылық фактілері жазылады.

Аудит мәселелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, әрбір факті кезек тәртібімен нөмірленеді және ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылықтардың сипаттамасы мен түрі сипатталған жеке тармақпен тіркеледі ( 1-тармақ, 2-тармақ және т.с.с.) және тиісті бұзушылықтардың дәлелдемесі болатын құжаттар көрсетіледі.

Егер талдамалық сипаттағы мәселерді қоспағанда, аудит бағдарламасының мәселелері бойынша бұзушылықтар анықталмаса, онда қысқаша ақпарат келтіріледі және "Бағдарлама мәселесі (атауы) тексерілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ." деген жазба жасалады. Аудиторлық есепке деректемелері көрсетіле отырып, тексерілген құжаттардың тізбесі қоса беріледі.

Жүргізілетін ішкі мемлекеттік аудиттің түріне, мақсатына және нысанасына байланысты ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер аудиторлық есепке қосымшалар ретінде ресімделетін мынадай кестелерді толтырады:

1) 1-кесте. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар ( кіші бағдарламалар) әкімшілерінің орындауы жөніндегі ақпарат;

2) 2-кесте. Орындалған (қабылданған) құрылыс жұмыстарының көлемі және құрылыс объектілерінің уақтылы пайдалануға тапсырылуы туралы ақпарат;

3) 3-кесте. ____ жылғы құрылыс объектілері мен реконструкциялау құнының қымбаттауы туралы мәліметтер (қымбаттау болған жағдайда);

4) 4-кесте. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ұлғайтуға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер.

Ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер аудиторлық есепке басқа да кестелерді жасауы мүмкін, олар қосымша болып табылады. Аудиторлық есепте көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасау міндетті.

12. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі жасау.

Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерлерінің ішкі мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі жасау фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық жасау туралы хаттама жасаған жағдайда, оның нөмірі мен күні көрсетіледі ( хаттама аудит объектісінің лауазымды адамдары ішкі мемлекеттік аудит объектісіне жіберуден бас тартқан, ішкі мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті құжаттарды бермеген немесе дұрыс емес, объективті емес және (немесе) толық емес ақпарат, материалдар және басқа да мәліметтер берген кезде жасалады).

13. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Ішкі мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ішкі мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер көрсетіледі (айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, негізсіз пайдаланылған қаражатты бюджетке өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің шарттық міндеттемелерді орындауы, ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар).

14. Қосымшалар:

1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды ( материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі;

3) құжаттардың, анықтамалардың, кестелердің, бұзушылық фактілерінің көрінісін айқындайтын фотосуреттердің түпнұсқалары немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмелері;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар тұлғалардың жазбаша түсініктемелері (қажет болғанда);

5) бақылау өлшемдері және қарап тексеру актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың және т.б.), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері немесе ішкі мемлекеттік аудит нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) мемлекеттік органдар мамандарының, сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) сараптамалық қорытындылары;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халыққа сауалнама жүргізу нәтижелері (қажет болғанда);

9) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (ішкі мемлекеттік аудит барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):

төлем тапсырмалары (төлеуге берілетін шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомостер, ордерлер, нарядтар;

ақы төлеу фактісін растайтын (түсіндіретін) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің жазбаша түсіндірмесі (шығыс нөмірі мен күні көрсетілген ресми бланкіде);

10) деректемелерін көрсете отырып, тексерілген құжаттардың тізбесі.

15. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органы қызметкерлерінің (мемлекеттік орган мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің, ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған сарапшылардың) қолдары.

Аудиторлық есептің барлық беттеріне ішкі мемлекеттік аудит жүргізген ішкі мемлекеттік аудит органының қызметкерлері және ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамы қол қояды.

Ішкі мемлекеттік аудит объектісінде бір топ бірлескен тексеру жүргізген кезде аудиторлық есеп үш данада ресімделеді, бірінші данасы ішкі мемлекеттік аудит органына, екінші данасы бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы ішкі мемлекеттік аудит объектісіне беріледі.

Ішкі мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
9-қосымша

Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп

____________________________________________________________

**(аудит объектісінің атауы)**

Біз … аудит жүргіздік.

*Қаржылық есептілік үшін мемлекеттік орган (мекеме) басшысының жауапкершілігі*

Мемлекеттік органның (мекеменің) басшысы ... жауапты болады.

*Аудитордың жауапкершілігі*

Біздің жауапкершілігіміз … тұрады.

